

СПЕЦВЫПУСК

Международный научно-популярный журнал
ISSN 2073-333X

Наука и жизнь Казахстана Қазақстанның ғылымы мен өмірі

№6 2015



К юбилею

АБАЙДЕЛЬДИНОВА ТЛЕУХАБЫЛА МУСИНОВИЧА

к.ю.н., доцента кафедры гражданского права
и гражданского процесса, трудового права
КазНУ им. аль-Фараби

Керимханов Т.Н. ВЕЩНО-ПРАВОВОЙ СПОСОБЫ ЗАЩИТЫ ПРАВ СОБСТВЕННОСТИ	179
Межибовская Ирина Владимировна\ ПРОБЛЕМЫ МОДЕРНИЗАЦИИ ПЕНСИОННОЙ СИСТЕМЫ В МЕЖГОСУДАРСТВЕННОМ ФОРМАТЕ ЕАЭС	182
Макрушин А.О., НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ СОЗИДАНИЯ ОБЩЕСТВА ВСЕОБЩЕГО ТРУДА	186
Рахметолдина Айдана Кайыргазыновна, ТАМОЖЕННО-ТАРИФНОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ В УСЛОВИЯХ ИНТЕГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ	191
Suleimenova S.Zh. INTERNATIONAL LEGAL REGULATION OF THE LABOR PROTECTION AND SAFETY	195
Токмамбетова И.Ш. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ НАСЛЕДОДАТЕЛЯ –ПЛАТЕЛЬЩИКА РЕНТЫ ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РК	198
Тұрғынов Ж. ЖЕКЕ КӘСІПкерлердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі	202
Урисбаева А.А., Асубаева Ә.С. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ НОТАРИАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ.....	206
Урисбаева А.А. МЕДИАЦИЯ - ДАУЛАРДЫ ШЕШУ НЫСАНДАРЫНЫҢ БІР ТҮРІ РЕТІНДЕ	210
Худайбердина Г. А., Кенжеғалиева А.Р. ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ДОГОВОРА МЕЖДУНАРОДНОЙ КУПЛИ ПРОДАЖИ ТОВАРОВ	214
Хамит А.Х. ПОНЯТИЕ И ПРАВОВАЯ ПРИРОДА СРЕДСТВ МИРНОГО РАЗРЕШЕНИЯ МЕЖДУНАРОДНЫХ СПОРОВ	219

Урисбаева Айнур Аманкуловна
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу,
еңбек құқығы кафедрасының
аға оқытушысы, құқық магистрі

Асубаева Әсел Серікқызы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу,
еңбек құқығы кафедрасының
2 курс магистранты

Қазақстан Республикасындағы нотариаттық қызметтің құқықтық жағдайы

Қазақстан Республикасындағы нотариат – бұл нотариаттық іс-әрекеттер жасау арқылы жеке, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін білікті заң көмегін көрсету жөніндегі құқықтық институт [1].

Қазақстан Республикасының Президентінің 1994 ж. 12 ақпанындағы «Қазақстан Республикадағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қаулысы бойынша нотариатты дамытудың жолдары қарастырылды, соның ішінде жеке тәжірибе жүргізетін нотариустар үшін институтын енгізу, жеке тәжірибе жүргізетін нотариустар қызметін реттей алатын кәсіби органды құру, нотариалдық әрекеттерді жүргізу барысында келтірілген залалдан жеке тәжірибе жүргізетін нотариустың жауапкершілігін міндетті сақтандыру. Бүгінгі күні республикамыздағы нотариаттық қызмет 1997 жылы қабылданған ҚР «Нотарит туралы» заңына сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңымен белгіленген жағдайлар мен шектерде нотариаттық іс-әрекеттер жасауға мыналардың құқықтары бар:

1) мемлекеттік нотариат кеңселерінде жұмыс істейтін нотариустар (мемлекеттік нотариустар) мен жеке практикамен айналысатын нотариустар (жекеше нотариустар);

2) аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарының нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды адамдары;

3) Қазақстан Республикасының атынан консулдық қызмет атқаратын адамдар;

4) Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңына сәйкес нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті өзге де адамдар. Осы заңға сәйкес жасы жиырма беске толған, жоғары заң білімі, заңгер мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар, нотариуста кемінде бір жыл мерзіммен тағылымдамадан, әділет аттестациялау комиссиясында аттестациялаудан өткен және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына

лицензия алған Қазақстан Республикасының азаматы нотариус болады. Жеке және мемлекеттік нотариустардың нотариаттық қызметті жүзеге асырған кездегі құқықтары, міндеттері тең болады. Олар рәсімдеген құжаттардың бірдей заң күші болады.

Нотариустың құқықтарына [2] тоқталатын болсақ: өзіне жүгінген жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне сәйкес ҚР «Нотариат туралы» Заңында және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде көзделген нотариаттық іс-әрекеттер жасауға; мәмілелердің, өтініштер мен басқа да құжаттардың жобаларын жасауға; құжаттардың көшірмелерін және олардың үзінділерін әзірлеуге; нотариаттық іс-әрекеттер жасау мәселелері бойынша консультациялар беруге; Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, жеке және заңды тұлғалардан нотариаттық іс-әрекеттер жасауға қажетті құжаттар мен мәліметтерді талап етуге құқылы. Нотариустарға ғылыми, педагогтік және шығармашылық қызметпен айналысуға шектеу қойылмайды.

Нотариустың қызметі белгілі бір шектеулерге де ие. Мысалы нотариустарға кәсіпкерлік қызметпен айналысуға қатаң тыйым салынады. Сонымен қатар шарттарды жасасу, өзгерту және бұзу кезінде делдалдық қызмет көрсетуге рұқсат етілмейді. Өкілді органға депутат болып сайланған жағдайда нотариус өз міндеттерін тоқтата тұрады. Жеке нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасамай өз міндеттерін орындауға жол берілмейді. Нотариустың мөрін оның лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңге аумақтық әділет органына тапсыруын қоспағанда, факсимилені пайдалануға және мөрін, электрондық цифрлық қолтаңбасын басқа адамға беруге құқығы жоқ. Жеке практикамен айналысатын нотариустың жалдама қызметкер ретінде еңбек қатынастарында болуға құқығы жоқ.

Нотариаттық іс жүргізу Қазақстан Республикасының архивтер мен құжаттаманы басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органымен келісу арқылы Республикалық нотариаттық палатаның қатысуымен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітетін Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі қағидаға сәйкес жүзеге асырылады. Қағида талаптарының сақталуына бақылау жасауды аумақтық әділет органдары мен нотариат палаталары жүзеге асырады. Мемлекеттік нотариустардың құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен міндетті түрде мемлекеттік архивке тапсырылуға тиіс. Жеке нотариустардың құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен міндетті түрде жеке нотариаттық архивке тапсырылуға тиіс. Нотариустың өзінің тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), сондай-ақ мемлекеттік нотариат кеңсесінің атауы (мемлекеттік нотариус мөрі) не нотариус лицензиясының нөмірі мен берілген күні (жеке нотариус мөрі) көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі,

куәландыру жазбаларының мөртабандары мен жеке бланкілері болады. Нотариустардың мөрінің бедерлері мен қолының үлгілері Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде, аумақтық әділет органында, сондай-ақ нотариаттық палатада сақталады. Нотариаттық іс-әрекеттер жасау үшін мөрге тапсырысты және оны нотариустарға беруді жүзеге асыруды аумақтық әділет органы жүргізеді. Жекеше нотариустың мөрін дайындау оның өз қаражаты есебінен, ал, мемлекеттік нотариуске бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі. Аумақтық әділет органы мен нотариаттық палата лицензиясының күші тоқтатылған нотариустың құжаттарын басқа нотариуска немесе жеке нотариаттық архивке беру жөнінде, сондай-ақ лицензияны лицензиарға беру үшін алып қою және нотариустың мөрін жою жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

Нотариустың тікелей міндеттеріне [4] мыналар кіреді: ҚР «Нотариат туралы» Заңы және Қазақстан Республикасының нотариат қызметін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес нотариаттық іс-әрекеттер жасауға; азаматтарға және заңды тұлғаларға құқықтар мен міндеттерді түсіндіруге, олардың заңды білмегендігі өздеріне зиян келтіруге пайдаланылуы мүмкін болмауы үшін, жасалған нотариаттық іс-әрекеттерінің салдарлары жөнінде ескертуге; кәсіптік қызметін жүзеге асыруға байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді құпия ұстауға; Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмейтін жағдайда нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан бас тартуға; кәсіптік әдепті сақтауға; әділет органына және (немесе) нотариаттық палатаға өз іс-әрекеттеріне түскен шағымдар бойынша өзі жасаған нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтер, өзге құжаттар, ал қажет болған жағдайларда жеке түсініктемелер, оның ішінде кәсіптік әдеп талаптарын сақтамау мәселелері жөнінде түсініктемелер беруге; өз лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі қағидада көзделген тәртіппен іс жүргізуіндегі құжаттарды басқа нотариуска беруге; өз лицензиясының қолданылуы тоқтатылған жағдайларда, сақтауындағы барлық нотариаттық құжаттарды жекеше нотариаттық мұрағатқа беруге; өз тегінің, атының, әкесінің атының және өз үй-жайы орналасқан жерінің өзгеруі жөніндегі мәліметтерді бір ай ішінде аумақтық әділет органына ұсынуға міндетті.

Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мақсаттарда және тәртіппен нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтер мен ақпарат беру, сондай-ақ «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе арқылы нотариустың электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесін

жіберу нотариаттық іс-әрекеттер құпиясын жария ету болып табылмайды. Енгізілетін ақпарат басқа нотариустар мен жүйені пайдаланушылар үшін жабық және қол жетімсіз болады. Нотариуспен құжатқа Электронды цифрлық қолтаңба қойылған жағдайда жазбалар шифрланады және «деректер қомасына» түседі. Рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау Халықтық куәландыру орталығының сертификаттарымен қамтамасыз етіледі, жүйенің деректерін авторландыру және оған қол жеткізу пайдаланушының ЭЦҚ және дербес паролін ұсынған кезде жүзеге асырылады. Бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйе [5] — бұл бағдарламалық-аппараттық комплекс нотариустарды тиімді жұмыспен қамтамасыздандыру және республикалық, территориялды нотариалды палаталармен, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен өзара әрекетін, сонымен қатар халықты сапалы, құқықтық нотариалдық қызметпен қамтамасыздандыру үшін жасалған. Жүйені пайдаланатын нотариустар келесі мүмкіндіктерге ие:

- жеке тұлғалар, заңды тұлғалар және жылжымайтын мүлік жөніндегі деректерді автоматты түрде енгізу есебінен мемлекеттік деректер қорынан ақпараттық қолдау алады;
- өсиеттерді, мұрағаттық істерді толасыз көруді жүзеге асыру, ол бір және сол өсиет берушіден екі немесе одан да көп өсиеттерді құрудың мүмкіндігін алып тастайды;
- нотариалдық әрекеттердің орталықтандырылған тізілімін жүргізу, ол деректерді аса сенімді сақтауды және тізілімде жылдам іздестіруді қамтамасыз етеді;
- ауыртпашылықтардың бірыңғай базасын пайдалану, ол жылжымалы және жылжымайтын мүлікпен алаяқтық келісімдерді алдын алуға мүмкіндік береді;
- нотариалдық палаталарға есептерді автоматты түрде қалыптастыру;
- электрондық үкімет арқылы берілген анықтамалардың мәртебесін тексере алады.

2013 жылдың 10 қыркүйегінде Әділет министрі Б.М. Имашев Халықаралық нотариат Одағының халықаралық ынтымақтастық одағы комиссиясының өкілдерімен кездесу барысында Халықаралық нотариат Одағы нотариаттық функцияларды жүргізу, үйлестіру және дамыту үшін құрылған, халықаралық үкіметтік емес ұйымының қызметін талқылаған болатын. Кездесу мақсаты Қазақстанның нотариат жүйесінің хал-ахуалымен танысу, сондай-ақ алдын ала сараптама жүргізу болып табылады, онда құқықтық қорды, нотариатты техникалық жарақтандыруды ұйымдастыру негіздері мен хал-ахуалын зерделеу болып отыр. Кездесу нәтижелері бойынша отандық нотариаттың елдердің құқықтың континенталды жүйесіне сәйкес келу мәселелері және ХНО құрамына Қазақстанның енуі мәселелері қаралды. Осы кездесудің ұйымдастырылуы қазақстандық нотариаттың ХНО интеграциялау мәселесіне игі әсерін тигізді. Қазақстандағы нотариатқа қатысты заң шығару саласында, оларды іске асыру бағыттарында Швейцария

Халықаралық Нотариат Кеңесінің Халықаралық қатынастар бойынша комиссиясы өз кеңестерін берген болатын. Бүгінгі таңда заң шығарушы базаларымыз Халықаралық нотариат Одағы қоятын талаптарға көп жағынан жауап беріп отыр. Сондықтан Қазақстанның Халықаралық Нотариат Кеңесіне мүше болуға мүмкіндіктері бар. Қазақстандағы нотариалдық жүйе Халықаралық Нотариат Кеңесіне мүше болу үшін қойылатын негізгі жиырмадан астам талап және ережелердің айтарлықтай бөлігіне сәйкес жұмыс жасайды. Ал Халықаралық Нотариат Кеңесінің Қазақстанға қатысты шешімі 2014 жылдың қазан айында өтетін аталмыш ұйымға мүше мемлекеттердің бас ассамблеясында белгілі болады [3].

Еліміздегі нотариустар заңнамаға сәйкес жекеше және мемлекеттік нотариустар деп бөлінеді. Бұл ретте атап өтерлік жайт, жекеше және мемлекеттік нотариустардың нотариаттық қызметті жүзеге асырған кездегі құқықтары, міндеттер тең болады. Олар рәсімделген құжаттардың бірдей заң күші болады.

Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйенің аталған кемшіліктеріне карамастан, бұл жүйе сотта адам және азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау арқылы салдарымен күреспей, барлық аталған құқық бұзушылықтарды келісім жасаған кезде тыюға болатынын көрсетеді. Яғни осы жүйені қолдана отырып, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қосымша жағдайлар жасалынуда деп ойлаймыз.

Әдебиеттер:

1. [Нотариат туралы](#) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі N 155 Заңы,
2. [http:// www.enis.kz](http://www.enis.kz) Бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйе
3. <http://www.notariat.kz/> Республикалық нотариаттық палатаның ресми сайты
4. Урисбаева А.А. Қазақстан Республикасының нотариаты, Оқу-құралы, Қазақ университеті, Алматы, 2011 ж.

Урисбаева Айнур Аманкуловна
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу,
еңбек құқығы кафедрасының
аға оқытушысы, құқық магистрі

Медиация - дауларды шешу нысандарының бір түрі ретінде

Сотта даудың шешімін табу жүйкесінің тоздыруымен теңдей көрінеді. Медиация әртүрлі дау түрінің шешімін табуына мүмкіндік береді. Бұл, үшінші тұлғаның – кәсіптік медиатордың қатысуымен жүргізіледі. Медиатор келіссөздерді жүргізу әдісі тараптардың әділ, екі жақты келісімді шешімге келетін, уақыттыда үнемдейтін әрі жүйке күштерінің сақталуын ұйымдастырады. Медиатор талаптарға сөз сөйлеуге, пікірлерімен бөлісуге, адам құқықтарымен бостандықтары сақталуда екеніне кепілдік берумен, екі жаққа даудың шешімін дұрысын тандауға еркіндік берумен жағдай көрсетеді. Тараптар өздері мәселені талқылап, сараптап шешімге келуге мүмкіндік туады. Медиацияның тиімді жағы, даудың шешімін тараптардың екі жақты келісімімен және екі жақты даудың тез әрі қолайлы тәсілмен мүдделі түрде орындалуына мүмкіндік беріледі. Егер қатысушы тараптардың біреуіне келіссөз көңілдерінен шықпаған жағдайда, тарап келіссөз жүргізу барысында әрі қарай қатымпай шығып кетуіне жол беріледі. Медиация жүргізу барысында айтылған талқылаулар, келіссөздер сол қатысушылар арасында келіссөз жүргізу барысы сыртқа жарияланбайды, яғни құпия түрде сақталады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғалуына құқығы бар деп көрсетілген. Дегенмен, еліміз ұстанған нарықтық экономикалық саясат және осы саясаттың негізінде пайда болатын экономикалық-құқықтық қатынастарды реттеу барысында туындайтын дауларды шешудің өзге де балама нысандары қолданысқа енгізілген.

Дауларды шешудің балама нысандары ретінде дауларды соттан тыс шешу немесе бітімгершілік я болмаса заңмен тыйым салынбаған тағы басқа рәсімдерді қолдануға бағытталған, тараптар мен өзге де тұлғалардың еркін ерік білдіруінің негізінде пайда болатын, өзара байланысқан әрекеттер жүйесін түсіну керек.

Әлемдік тәжірибеде Англия, Австралия, Бельгия, Германия, әсіресе АҚШ-та («Alternative dispute resolution») мұндай балама нысандар барынша жетілдірілген. Г.К. Дмитриеваның көрсетуі бойынша, американдық заңгерлер дауларды шешудің соттан тыс жиырмаға жуық рәсімдерін қолданады екен [1]. Олар келісімдер, делдалдың қатысуымен жүргізілетін келісімдер (facilitated negotiation немесе facilitation), төрелік сот (аралық сот), делдалдық (mediation), сарапшының тәуелсіз қорытындысы (expert

determination), мини-процесс (mini trial), бітімгершілік өндірісі (conciliation), жеке сот (private judging), «көп есікті сот» (multi door courthouse), сот конференциясы (settlement conference), компьютер бағдарламаларының көмегімен жүргізілетін келісімдер және т.б.

Қазақстан Республикасының Заңдарында дауларды соттан тыс шешудің балама үш түрлі нысаны бекітілген:

1. *Бітімгершілік келісімге келу* – азаматтық-құқықтық, соның ішінде кәсіпкерлік дауларды шешу барысында үшінші тұлғаларды қатыстырмай-ақ, тараптардың өздері немесе өкілдері арқылы ортақ келісімге келу;

2. *Медиация* – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі;

3. *Халықаралық төрелік немесе аралық соттар* – бұл соттардың азаматтық-құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды қарау процедурасы бірдей. Олардың өкілеттіліктерін бөлу резиденттікте байланысты анықталады: резиденттердің арасындағы азаматтық-құқықтық даулар «Аралық сот туралы» Заңмен реттеледі; тараптардың, ең болмағанда біреуі резидент болып табылмайтын тұлғалардың арасындағы азаматтық-құқықтық даулар «Халықаралық төрелік туралы» Заңға сәйкес қаралады.

Медиацияның Қазақстандағы басқа артықшылықтары уақыт пен ақшаны үнемдеу. Сот өндірісімен салыстырғанда медиация жолымен дауларды шешу көп уақыт алмайды және тараптардың шығындарын үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл дауды қарау уақытын қысқарту, істі қарауға тартылған және өз міндеттерінен мәжбүрлі түрде көңілін айыратын компания қызметкерлерінің уақыты мен сот шығындарын үнемдеуінің арқасында мүмкіндік. Сонымен қатар, «Медиация туралы» Заңның 27-бабына сәйкес бұл ретте төленген мемлекеттік баж Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінде көзделген тәртіппен төлеушіге қайтарылуға тиіс. Екі тарапқа да тиімді шешім. Медиация процессінде жеңімпаз және жеңілген деген болмайды. Медиацияның мақсаты – екі тарапты да қанағаттандыратын шешім табу. Тек сондай шартта ғана медиация табысты болып саналады. Тараптар өз мүдделерін қаншалықты ашық түрде айтса, соншалықты оларды нақты мүдделерін қанағаттандыратын шығармашылық шешімдері дайындалады. Сотта шешім қабылдаудың мұндай әдісі қолданылмайды.

Сонымен, дауларды шешудің балама тәсілдерінің оңтайлы түрі болып табылатын медиацияға (делдалдыққа) кеңірек тоқталсақ.

Бүгінде әлемдік деңгейде кеңінен қолданысқа ие «медиация» термині «делдал» сөзімен синоним ретінде қолданылады және «медиация» термині латынның «mediare», делдалдық ету деген сөзінен шыққан. Тарихшылардың пайымдауынша, дауларды шешу үшін делдалдарды қолдану ежелгі дәуірде өмір сүрген финикиялықтар мен Вавилон халықтарында пайда болған. Ежелгі Грекияда делдалдарды (proxenetas) қолдану тәжірибесі болса, ал ежелгі Римдегі Юстинианның Кодексінде делдалдарға «internuncius»,

«medium», «philantropus», «interpolator», «conciliator», «mediator» деген аттар бере отырып, оларды абыздар мен жауынгерлерге теңестіріп құрметтеген. Қазіргі кездегі түсініктегі медиация XX ғасырдың жартысында англосаксондық құқық жүйесіндегі мемлекеттерде – Ұлыбритания, АҚШ, Австралия, кейіннен бірқатар Еуропа мемлекеттерінде пайда болып, одан әрі дами түсті. Бастапқыда медиация отбасылық қатынастарды реттеу саласында қолданыла бастады. Бүгінде ол тек жеке емес, сондай-ақ жария құқық саласында да кеңінен қолданысқа ие.

Халықаралық статистикаға сүйенсек, барлық даулардың 30-40 % медиация рәсімінен өтеді, олардың 85 %-нда оң нәтижелерге қол жеткізілген.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 40-IV «Медиация туралы» Заңы (әрі қарай – Заң) Қазақстан Республикасындағы медиация институтын реттейтін арнайы нормативтік құқықтық акті бола отырып, Қазақстан Республикасында медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ, медиатордың мәртебесін айқындайды. Заңға сәйкес, медиация — үшінші, бейтарап, әділ, жанжал нәтижесіне мүдделі емес тараптың қатысуымен өтетін дауларды реттеудің баламалы жаңа түрі. Медиацияның қолданылу салалары ретінде жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы, қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (жанжалдар) және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар қарастырылады. Осыған орай, М.К. Сулейменовтың пікірінше, медиацияның, кем дегенде, төрт түрін бөліп қарауға болады [2]:

1. қылмыстық процестегі медиация;
2. азаматтық істегі медиация;
3. аралық соттармен өткізілетін медиация;
4. соттан тыс, тәуелсіз медиация.

Медиацияның басты мақсаты – қос тарапты бірдей қанағаттандыратын және дауласушылық деңгейін төмендететін өзара тиімді әрі өзара қолайлы, бейбіт келісімге келу. Сот өндірісінен айырмашылығы – медиация барысында «кәнілілер» мен «кінәсіздер» деген тараптар болмайды. Өйткені, бұл құқық саласы қылмыс жасаушылар қатарын бірыңғай бас бостандығынан айыру жолымен жазалауды емес, адам құқықтары мен бостандығын қорғауды және қалпына келтіруді көздейді. Басқаша айтқанда, медиация мүмкіндігіне қарай істі сотқа жеткізбеу мақсатын көздейді.

Медиацияның тағы бір оңтайлы жағы - қаржылық жағынан соттық шығынға қарағанда төмендігінде және уақыттың үнемділігінде. Сотта іс әдетте ұзаққа созылады, ол тіпті айларға созылуы мүмкін. Бірнеше мәрте сот отырыстары белгіленеді, оған тараптардың бірінің өкілдері келмеуі де мүмкін, сөйтіп жағдай ушыға түседі. Бұл ретте медиацияның келесі ерекшеліктері алдыңғы қатарға шығады – тараптардың еріктілігі және жеделдетілген шараның бейресмилігі. Дауды шешуге медиаторға небәрі 30

күн уақыт беріледі. Белгілі бір себептермен бұл мерзім ұзартылуы да мүмкін, бірақ 60 күннен аспауы тиіс.

Сотта тараптар бір-біріне қарсы әрекет етеді, ал медиация барысында өзара ынтымақтаса қимылдайды.

Сот тағайындалады, ал медиатор таңдалады.

Сот шешімді заңға сәйкес қабылдайды, ал медиатор тараптардың мүдделерін ескере отырып, бірақ заң аясында қабылдайды.

Сот – жария үдеріс, ал медиация құпиялылықты қамтамасыз етеді, бұл медиатордың рәсім барысында мәлім болған ақпаратты оны ұсынған тараптың келісімінсіз жария қылуына жол бермейді. Сәйкесінше, медиатордан куәгер ретінде жауап алуға рұқсат етілмейді.

Медиаторға жүгіну керек пе, жоқ па дегенді тараптар өзара келісіп шешеді. Мұндай жолмен мәселенің шешілуі мүмкін болмаған жағдайда олардың сотқа жүгіну құқығы сақталады. Медиация барысында тараптардың тең құқылықты көздейтіні сөзсіз, сондай-ақ оларға тең міндеттер жүктеледі. Сонымен қатар тараптар өз қалаулары бойынша медиацияны жүргізу орны мен медиацияны жүргізу барысында қай тілдің қолданылатыны жайында келісе алады. Тараптардың келісімімен медиатор медиацияның жүргізілу күні мен уақытын белгілейді.

Медиация аясында төмендегідей даулар тізбегі қарастырылады:

1. Корпорацияаралық және корпорацияішілік даулар.
2. Банк және сақтандыру саласындағы даулар.
3. Жүзеге асырылуы көптеген тараптардың мүдделерін қамтитын жобаларды сүйемелдеу.
4. Жұмыстағы даулар.
5. Отбасылық даулар.
6. Авторлық құқыққа және зияткерлік меншікке қатысты даулар.
7. Білім саласындағы медиация.
8. Мәдениетаралық даулар және т.б.

Медиатор немесе делдалдың көмегімен дау шешуге тілек білдірген тарап Қазақстанның Халықаралық Арбитражы секретариатына делдал арқылы дау шешудің басталатыны жайлы төмендегілерді қамтитын жазбаша сұраным жіберуі керек:

- даудың мәні;
- аталған дау бойынша талаптар құны;
- делдал арқылы дау шешу тараптарының және/немесе олардың уәкілетті өкілдерінің атауы, пошталық мекенжайы, телефон нөмірлері, факстері;
- делдал арқылы дау шешуді жүргізу бойынша ҚХА құзіретіне нұсқау;
- ұсынылатын медиатордың кандидатурасы.

Егер делдал арқылы дау шешу туралы келісімнің тараптары сұранымды бірлесе бермесе, сұраным жіберген тарапқа келесі тарапты делдал арқылы дау шешу жөнінде хабардар етіп, оған делдал арқылы дау шешу сұранымының көшірмесін жіберу міндеті жүктеледі.

Делдал арқылы дау шешу жөніндегі сұранымды ҚХА тіркеу алымы төленгеннен кейін қабылдайды.

Делдал арқылы дау шешудің басталу күні болып ҚХА секретариаты ол жайында сұраным алған күн есептеледі.

Қорытындылай келе, медиацияның дауларды шешудің басқа балама нысандарынан айырмашылығы бұл нысан кінәлі және кінәсіз тараптарды анықтау емес, керісінше, өзара тиімді нәтижені іздеу және оған қол жеткізу болып табылады. Жанжалды жағдайда абсолютті өзара тиімді шешімге қол жеткізу мүмкін еместігі сөзсіз анық. Дегенмен, осындай келісімді іздеудің өзі белгілі бір дәрежеде дауласушы тараптарға қолайлы нәтиже туғызары түсінікті. Үшінші, бейтарап, әділ, жанжал нәтижесіне мүдделі емес тараптың қатысуымен өтетін дауларды реттеудің баламалы салыстырмалы жаңа түрі Еуропа елдеріндегідей Қазақстанда да дами деген үміттеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Дмитриева Г.К. Международный коммерческий арбитраж. Учебное пособие — Москва: Проспект, 1997. — 232 р.
2. М.К. Сулейменовтың мақаласы "Медиация в Казахстане: современное состояние и перспективы развития" // ай сайынғы "Юрист" журналы. 2009. №12, 12-19 б.
3. «Медиация туралы» ҚР Заңы - <http://adilet.zan.kz> ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі
4. «Халықаралық төрелік туралы», «Аралық соттар туралы» ҚР Заңдары <http://adilet.zan.kz> ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі